



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 35 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2014 жылғы 11 мамыр**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің 2013 жылы мемлекеттік  
қызметтер көрсету мәселелері  
жөніндегі қызметі туралы есепті  
жария талқылау туралы**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес орталық мемлекеттік органдар жыл сайын «электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті (бұдан әрі – Есеп) орналастырады.

Орталық мемлекеттік органдар көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен Есептерге жылына кемінде бір рет жария талқылаулар өткізеді.

Есеп Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында «Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтері» бөлімінде орналастырылған.

Осыған байланысты 2014 жылғы 10 маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің [www.nationalbank.kz/forum](http://www.nationalbank.kz/forum) мекенжайындағы интернет-ресурсында Есепті жария талқылау өткізілетінін хабарлаймыз.